

2
САБАҚ

ОТБАСЫМНЫҢ
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІ

САҚТАНДЫРУ

ЖҰМСАЛМАЙТЫН
ҚОР

КРЕДИТТІК
ШАРТТАР

ЖИНАҚ
АҚША

ТӨЛЕМДЕР
ЖӘНЕ
АУДАРЫМДАР

КРЕДИТТІ
ДҰРЫС ТАҢДАУ

ҚҰҚЫҚТАР
ЖӘНЕ МІНДЕТТЕР

ЕҢ ЖАҚСЫ
КРЕДИТ

ҮЙ БЮДЖЕТІ

10 сабақтың ішінде берік үй «Тұрғыз»

ҚЫМБАТТЫ ДОС!

Сіз қолыңызға халықтың қаржылай сауаттылығын арттыру жөніндегі бағдарламаның бірыңғай кітапшасын ұстап отырсыз, оны KMF өзінің барлық филиалдары мен бөлімшелерінде жүзеге асырады. Бұл бағдарламаны KMF-Демеу Қоры америкалық ACDI/VOCA ұйымының қатысуымен жасаған. Сіздерге қандай тақырыптардың қызықты және пайдалы болатынын түсіну үшін, біз клиенттердің арасында оқытуға қажеттілікті бағалау жөніндегі зерттеуді жүргіздік. Зерттеудің нәтижелері бойынша біз негізгі 10 тақырыпты анықтадық. Әр тақырып бойынша Сіздер KMF-тің қызметкерлері жүргізетін сабақтарын өтіп, осы кітапша түріндегі үлестіру материалдарын ала аласыздар. Сабақтарымыздың негізіне біз қазақстандық отбасылардың нақты мысалдарын алдық.

Біз, бағдарлама Сіздерге пайдалы идеяларды, тәсілдер мен құралдарды ұсынып, олар Сіздерге пайдасын тигізіп, отбасыларыңыздың қаржысын неғұрлым табысты басқаруға және оның әл-ауқатын арттыруға көмектеседі деп үміттенеміз.


СІЗДЕРГЕ KMF-ТІҢ КРЕДИТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН БІРГЕ КЕЛЕСІ САБАҚТАРДАН ӨТУГЕ КЕҢЕС БЕРЕМІЗ:

- | | |
|------------------|--|
| 1 САБАҚ: | Егер мен қаласам, мен бұны істей аламын: үй бюджеті және отбасындағы қаржылық жоспарлау. |
| 2 САБАҚ: | Отбасымның қаржылық есебі. |
| 3 САБАҚ: | Өмірде неше түрлі жағдайлар болады. Отбасылық әмианды күтпеген жағдайлардан қалай қорғауға болады. |
| 4 САБАҚ: | Қор жинаудың әр түрлі тәсілдерінің «оңды» және «теріс» жақтары. |
| 5 САБАҚ: | Жақсы несиені қалай таңдауыма болады? |
| 6 САБАҚ: | Несие: Проблемалардан қалай құтылуға болады? |
| 7 САБАҚ: | Келісім-шартқа қол қоймастан бұрын нені білу керек? |
| 8 САБАҚ: | Менің қарыз алушы ретіндегі құқықтарым және міндеттемелерім. |
| 9 САБАҚ: | «Қолма-қол ақшадан» «қолма-қол ақшасыз» есептесуге – төлемдерді жүзеге асырудың нұсқалары. |
| 10 САБАҚ: | Сақтандыру: ол маған керек пе? |

Сіздерге бақыт және өркендеуді тілейміз!
Құрметпен, «KMF-Демеу» Қоры.

«АҚША САНАҒАНДЫ ҰНАТАДЫ» НЕМЕСЕ СІЗ АҚШАҢЫЗДЫ ҚАЙДА КЕТЕТІНІН БІЛГІҢІЗ КЕЛЕДІ МЕ?

Ақшаның үнемі жетпейтіні жайлы мәселе көбі-
 ңізге таныс. Жалақы да аз емес сияқты және ең негізгі
 нәрселерді ғана сатып аласыз, бірақ ақша тағы да
 жоқ. Қарызға алып, келесі жалақыға дейін созасыз,
 жалақыны алып, қарыздарды таратасыз және тағы да
 тұйық шеңберге тап боласыз. Бұл шеңберден шығатын
 жолы қарапайым ғана – өз шығындарыңды ұқыпты
 түрде қадағалап отыру керек.



Ақшалай қаражаттың есебін жүргізу:

- ◆ отбасы бір айдын ішінде қанша ақша жұмсағаны туралы дәл мәлімет береді;
- ◆ отбасы аптаның немесе айдың соңында қанша ақша қалатынын көреді;
- ◆ отбасы ақшанын неге жұмсағанын көреді.

ӨЗ АҚШАҢЫЗДЫ САНАП ОТЫРЫҢЫЗ, СОНДА ЖЕТІСТІКТЕ ӨМІР СУРЕСІЗ – ЖЕКЕ ҚАРАЖАТЫҢЫЗДЫҢ ЕСЕБІН ЖҮРГІЗУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТЕР!

АЙЗАДАНЫҢ ТАРИХЫН ҚАРАСТЫРАЙЫҚ.


Айзада шағын қалада тұрады, тұрмыс құрған. Күйеуі күзетші болып жұмыс істейді, жалақысы **80 000 теңге**. Айзаданың үш баласы бар: кіші балалары – мектепте оқиді, ал үлкен қызы – Астанада жоғары оқу орнында оқып жүр. Айзада отбасын жеткілікті түрде ауқатты деп санайды және бизнестен алынған ақша мен күйеуінің жалақысы жеткілікті деп есептейді. Айзада базарда балаларға арналған тауарлар сатады. Осы іспен айналысқанына – 5 жыл болды. Саудасы жақсы жүріп жатыр, оның бір күндегі табысы орташа есеппен алғанда **12 500 теңгені** құрайды (орта есеппен ол тауарына 100% үстеме баға қосады). Оның жеке сауда орны бар – жалға алу құны айына **30 000 теңге**. Базарда дүйсенбі демалыс күн болғандықтан, Айзада аптасына 6 күн сауда жасайды. Айына бір рет тауарды сатып алып отырады – тауарға **150 000 теңге** жұмсайды және жеткізіп беру үшін қосымша **3 000 теңге** көлемінде ақша төлейді. Бірнеше ай бұрын Айзада тауарды сатып алуға үшін несие алған – оның айлық төлемі **30 000 теңге**.

Отбасы жекеменшік үйінде тұрады. Айына бір рет күйеуі коммуналдық қызметтері үшін төлейді – ағымдағы айда электр қуатына **1 500 теңге**, газға **2 400 теңге** және суға **800 теңге** жұмсады. Айына бір рет Айзада **15 000 теңгені** Астанада оқып жүрген қызының карточкасына аударады.



Осы айда екі ұлы да тұмаумен ауырып шықты, ал күйеуінің белі ауырып қалды. Дәрі-дәрмекті сатып алуына **1 500 теңге** жұмсауға тура келді. Отбасының жеке автокөлігі бар, оны отбасымен жол жүргенде немесе базарға барғанда ғана пайдаланады. Айзада жұмысына жақын жерде тұратындықтан, жаяу барады.

Күйеуінің жұмысы әлдеқайда алыс, сондықтан ол жұмысқа маршруттық көлікпен барады. Балалардың мектебі де үйдің қасында тұр, сол себептен мектепке жаяу барады. Айына көлік шығындары (автокөлік жанармай құю, маршруттық көлік ақысын төлеу) **6 000 теңгені** құрайды.



Айзада өте тиянақты, ол ақшаның құнын білгендіктен, отбасының шығындарын есептеп отырады. Әр кеш сайын ол табыстар мен шығындар журналына күнделікті кеткен шығындарды жазып отырады. Бұл оның 5 минут уақытын ғана алады, Айзада бұл уақытты тиімді жұмсалғанына кәміл сенеді. Арасында күн тастамай жазған абзал – өйткені, толтырылмағанды қалпына келтіру одан да көп уақытқа созылады.

Екі жақтың келісімі бойынша күйеуі аптасына жеке қажеттіліктеріне **2 000 теңге** алады. Азық-түлікті апта сайын базардан сатып алып, орта есеппен **5 000 теңгедей** жұмсайды, қалғанын Айзада күнделікті үйге келе жатқан жолдағы дүкеннен сатып алады, оған күн сайын шамамен **1 000 теңгедей** жұмсайды. Өткен аптада отбасы таныстардың үйлену тойына барды, жастардың қоржынына **15 000 теңге** салынды және жаңа сәнді киімге - қосымша **20 000 теңге** кетті.



Айзада балаларына қалталық ақша беретін – айына барлығын санағанда **2 000 теңге** болып шықты. Отбасының әрбір мүшесінде жеке ұялы телефоны бар, оның бірліктерін толтыру үшін **4 000 теңге** төленді. Осы айда теледидар сынып, оның жөндеу жұмыстарына **4 500 теңге** жұмсалынды.



ӨЗІНІҢ ТАБЫСТАРЫ МЕН ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ ЕСЕБІН ЖҮРГІЗУ ҮШІН АЙЗАДА ОСЫ ҮЛГІНІ ПАЙДАЛАНДЫ:

А) Шығындар		Айына
1. Отбасылық (1.1+1.2+...+1.9)		98,200
1.1	Электр қуаты	1,500
1.2	Газ	2,400
1.3	Су	800
1.4	Тамақ	48,000
1.5	Денсаулық	1,500
1.6	Көлік	6,000
1.7	Киім-кешек	20,000
1.8	Балалардың оқуы	18,000
1.9	Басқа шығындар	0
2. Бизнес (2.1+2.2+...+2.5)		213,000
2.1	Бүтикті жалға алу	30,000
2.2	Несие бойынша төлем	30,000
2.3	Тауарды сатып алу	150,000
2.4	Тауарды жеткізу (көлік)	3,000
2.5	Басқа шығындар (сатушының жалақысы)	0
3. Қосымша (3.1+3.2+...+3.5)		33,500
3.1	Телефон	4,000
3.2	Күйеуінің шығындары (темекі, достарымен отырыстары)	8,000
3.3	Ойыншықтар, тәттілер	2,000
3.4	Үйлену тойлар, басқа да	15,000
3.5	Басқа шығындар	4,500
Шығындар барлығы (А=1+2+3)		344,700
Б) Табыстар		
1	Бизнестен түскен табыстар	300,000
2	Жалақы	80,000
3	Басқа шығындар	0
Табыстар барлығы (Б=1+2+3)		380,000
Шығындар – табыстар (Б-А)		35,300

Айзада өзінің шығындары мен табыстарын есепке алуды тиянақты түрде жүргізіп отырды. Бизнестегі істері сәтті жүріп, 3 ай бұрын ол тағы бір сауда орнын ұйымдастыра алды.

Айзада кеш сайын табыстары мен шығындарын есепке алу күнделігін толтыруға 5 минут уақытын жұмсап отырды және бұл әрекетін тоқтатпады. Алайда, уақыт өте келе Айзада күйеуімен бизнестің кеңейіп және табыстың ұлғайғанына қарамастан, отбасында ақшаның азайғанына көз жеткізді.

АЙЗАДА БҰЛ МӘСЕЛЕНІҢ ҚАЙДАН ТУЫНДАҒАНЫН АНЫҚТАУ ҮШІН, ЕКІНШІ БУТИКТІ АШУҒА ДЕЙІНГІ ШЫҒЫНДАРЫН АҒЫМДАҒЫ АЙДАҒЫ ШЫҒЫНДАРМЕН САЛЫСТЫРЫП КӨРДІ.

Айзаданың шығындарды салыстыруы

А) Шығындар		бутикті ашқанға дейінгі ай	ағымдағы ай
1. Отбасылық (1.1+1.2+...+1.9)		98,200	131,200
1.1	Электр қуаты	1,500	1,500
1.2	Газ	2,400	2,400
1.3	Су	800	800
1.4	Тамақ	48,000	64,000
1.5	Денсаулық	1,500	1,500
1.6	Көлік	6,000	8,000
1.7	Киім-кешек	20,000	35,000
1.8	Балалардың оқуы	18,000	18,000
1.9	Басқасы	0	0
2. Бизнес (2.1+2.2+...+2.5)		213,000	511,000
2.1	Бутикті жалға алу	30,000	60,000
2.2	Несие бойынша төлем	30,000	45,000
2.3	Тауарды сатып алу	150,000	300,000
2.4	Тауарды жеткізу (көлік)	3,000	6,000
2.5	Басқасы (сатушының жалақысы)	0	100,000
3. Қосымша (3.1+3.2+...+3.5)		33,500	56,000
3.1	Телефон	4,000	6,000
3.2	Күйеуінің шығындары (темекі, достарымен отырыстары)	8,000	11,000
3.3	Ойыншықтар, тәттілер	2,000	5,000
3.4	Үйлену тойлар, басқа да	15,000	25,000
3.5	Басқасы	4,500	9,000
Шығындар барлығы (А=1+2+3)		344,700	698,200
Б) Табыстар			
1	Бизнестен түскен табыстар	300,000	600,000
2	Жалақы	80,000	80,000
3	Басқасы	0	15,000
Табыстар барлығы (Б=1+2+3)		380,000	695,000
Шығындар – табыстар барлығы (Б-А)		35,300	-3,200

ӨЗІҢІЗ ТАБИСТАРЫ МЕН ШЫҒЫНДАРЫНА ТАЛДАУ ЖАСАЙ ОТЫРЫП, АЙЗАДА:

- ◆ екінші бутиктің қосымша табыстары есесінен, жалпы табысының елеулі өскенін анықтады;
- ◆ шығындары да өсіп – тіпті табыстардан да асып кеткенін көрді;
- ◆ айдың соңында қаражаты жеткіліксіз – олар өз жинақ ақшаларын «жеп» отырғанын анықтады;
- ◆ Айзадада орынсыз шығындар, былайша айтқанда «ақша ұрлаушылар» пайда болғанын көрді.

«АҚША ҰРЛАУШЫЛАРЫ» ДЕГЕН КІМДЕР?



«Ақша ұрлаушылар» – Жөнсіз ақша жұмсау	«Ақшаны сақтаушылар» – парасатты шешімдер
✗ Қажеті жоқ заттарды сатып алу	✓ Басқаларда бар нәрсенің барлығы менде де болуы қажет емес
✗ Іштарлық және көршіден асып кеткісі келуі	✓ Заттарды алдын-ала жасалған тізім бойынша сатып алу
✗ Ақшаны артық затқа шашу	✓ Жарнамада айтылғандардың барлығына сене бермеу
✗ Супермаркеттердің қызықтырғыштары	✓ Балаларға барлық тілегендерін сатып ала беру мүмкін еместігін түсіндіру
✗ Жарнаманың әсері	✓ Күніне шегетін темекінің санын азайту/ шылым шегуден бас тарту
✗ Балалардың қалаулары (ойыншықтар, тәттілер және т.б.)	✓ Дәрігерге уақытында барып, дәрі-дәріменкті орынды пайдалану
✗ Темекі және басқа да зиянды әдеттер	✓ Құмар ойындарынан бас тарту
✗ Салауатты өмір салтына селқос қарау	✓ Үнемдейтін лампыларды пайдалану
✗ Құмар ойындары	✓ Автокөлікті тек қажеттілігімен жұмсау
✗ Электр қуатын, газды, суды үнемсіз пайдалану	✓ Телефонды тек қажеттілігі бойынша пайдалану
✗ Көп жанармай жұмсауға апаратын, көлікті қажеттіліктен артық жұмсау	✓ Асханалық тағам мен тез тамақтану орындарында тамақтанудың орнына, жұмысқа өзімен бірге таңғы және түскі ас апару
✗ Телефонды шамадан тыс пайдалану	✓ Көршілерге өз қол ұшыңызды беріп, олардың көмегінен бас тартпау
	

ОТБАСЫНЫҢ ШЫҒЫНДАРЫ МЕН ТАБЫСТАРЫНЫҢ ЕСЕБІН ЖҮРГІЗУ ТУРАЛЫ НЕНІ БІЛУ ҚАЖЕТ?

- ✓ **Көз қорқақ, қол батыр!**
- ✓ **Сіздің уақытыңыздың 5-10 минуты ғана кетеді!**
- ✓ **Айырмашылығын сезініңіз:**
 - ◆ «Менің ойымша, біз айына шамамен 75 000 теңге жұмсаймыз. Шын мәнінде ол 60 000 теңге де, 90 000 теңге де болуы мүмкін», және
 - ◆ Біз алдыңғы айда 74 500 теңге жұмсадық. 60 000 теңге қосымша ақшаға ие болдық. Кейінге қалдыратын қаражат болды».
- ✓ **Маңызды: шығындар мен табыстардың есепке алуы – тісті күнделікті тазалап отырғандай!!!**
 - ◆ Көп уақыт алмайды;
 - ◆ Оны күнделікті жүргізгенде ғана өз пайдасын көрсете алады;
 - ◆ Есеп жүргізудің ыңғайлы әдісін қолдану керек;
 - ◆ Бір үйреніп алғаннан кейін, онсыз өмір сүру өте қиын сияқты!!!
- ✓ **Есепті жүргізудің көмегімен Сіз:**
 - ◆ Отбасының қанша табыс табатынын санап;
 - ◆ Қаражаттың жетіспеушілігі және ондай жағдайлар неге туындайтынын анықтауға;
 - ◆ Отбасының қанша қаражатты жинақтай алатынын анықтауға;
 - ◆ Отбасының шығындары қай кезде және неге өсе бастайтынын түсінуге;
 - ◆ Ақшаны тиімдірек жинақтауға арналған, бизнеске салудың мүмкіндігін пайдалану туралы кеңес алуға қол жеткізесіз



КМФ – ЖОБА КЕҢЕСШІСІ ТУРАЛЫ

КМФ Орталық Азиядағы, Кавказ, ТМД елдері мен Шығыс Еуропадағы микроқаржыландыру саласының көшбасшыларының бірі болып табылады. Компания өз қызметін 1997 жылдан бастады.

КМФ-тің негізгі бағыты – өз клиенттеріне топтық және жеке кредиттерді келесі қызмет түрлері үшін беру: бизнес, сауда, диқаншылық, мал шаруашылығы, өндіріс, қызмет көрсету, сондай-ақ, тұтынушылық кредиттендіру.

Бүгінгі күні «КМФ» МҚҰ 130 000-нан аса клиенттері бар және өзінің қызмет ету тарихында 200 мыңнан астам кредит беріп үлгерген Қазақстандағы ең ірі микроқаржыландыру ұйымы болып табылады (2015 жылғы 1 наурыздағы мәлімет).

Республикамыздың ірі қалалары мен ауылдарында орналасқан КМФ-тің 18 филиалы мен 75-тен астам бөлімшелерден тұратын кең аймақтық желісі бар. Жалпы алғанда, аталмыш бөлімшелер арқылы 3500-ге жуық шалғайдағы елді мекен тұрғындары микроқаржыландыру қызметіне қол жеткізіп отыр.

Компания өз клиенттерімен сенім, сыйластық пен түсіністікке негізделген, ұзақ мерзімді серіктестікке құрылған бағытты ұстанады. КМФ 18 жылғы қаржылық қолдауының арқасында 200 мыңға жуық қазақстандық өз кәсібін ашуға, оны кеңейтуге, тұрмысын жақсартып, балаларына сапалы білім беруге мүмкіндік алды.


КМФ-тің әлеуметтік жауапкершілікке негізделіп құрылғандығы және сол бағытты ұстанатындағы аса маңызды болып табылады. Компания өз тұтынушыларына кредиттендірудің қосымша шарттары мен қызмет көрсету жағдайын жақсарту мақсатында тұрақты түрде жұмыс жүргізеді, оның ішінде қаржылық емес қызметтер де бар. 2013 жылдың желтоқсан айынан бастап, «КМФ-Демеу» корпоративті қорымен бірлескен, халықты Қаржылық сауаттылыққа тегін оқыту – қаржылық емес өнімі іске қосылды. КМФ-тің әлеуметтік міндеті – сапалы қызмет көрсете отырып, тұтынушыға қаржылық сауаттылықтан мейлінше хабардар болуына үйрету.

Сенім білдіргендеріңізге рахмет!









ЖОБА БАСТАМАШЫСЫ:

«КМФ-Демеу» Корпоративтік қоры,
8 (727) 250 68 77, 250 68 78, факс: 250 68 76

Жоба кеңесшілері - «КМФ» МҚҰ құрылымдық бөлімшелері:

АҚТӨБЕ

Ағайынды Жұбановтар көш., 285 «Д», 8 (7132) 55 43 42, 55 40 21

АЛМАТЫ

Розыбакиев көш., 45 Г, 8 (727) 374 20 53
Қалдаяқов көш., 30, 8 (727) 266 83 51, 266 83 52

АСТАНА

Абай көш., 75, 8 (7172) 55 93 27, 55 93 28, 55 93 29

ҚАРАҒАНДЫ

Н. Әбдіров көш., 25, 8 (7212) 42 51 33, 41 27 56

ҚОСТАНАЙ

Баймағамбетов көш., 201, 8 (7142) 59 32 47, 59 32 48

КӨКШЕТАУ

Әуелбеков көш., 62, 8 (7162) 26 92 82, 26 46 05

ҚЫЗЫЛОРДА

Желтоқсан көш., 9 Д, «Ер Ару» т/к, 8 (7242) 26 38 47

ПАВЛОДАР

Ак. Бектұров көш. , 66, 8 (7182) 59 36 96, 59 36 97

ПЕТРОПАВЛ

Букетов көш., 16, 8 (7152) 46 38 45, 46 38 53

СЕМЕЙ

Б. Момышұлы көш., 31/33, 8 (7222) 56 11 05

ТАЛДЫҚОРҒАН

Абай көш., 245, 8 (7282) 27 03 51, 27 15 47

ТАРАЗ

Байзақ батыр көш., 187, 8 (7262) 46 80 71, 46 80 72

ТҮРКИСТАН

С. Ерубаяев көш., 249 А, 8 (72533) 4 33 41, 4 33 32

ОРАЛ

Сарайшық көш., 89/1, 8 (7112) 26 75 23, 26 75 54

ӨСКЕМЕН

30-Гвардиялық дивизия, 24/1, 8 (7232) 61 51 26, 61 51 27

ШЫМКЕНТ

Теле би көш., 27 А, 8 (7252) 53 52 99, 53 55 05, 54 51 77

Ж. Тыныбаев көш., 28 А-Б, 8 (7252) 39 30 71, 39 30 70

Кітапшаның электронды нұсқасын www.kmf.kz сайттағы
«Қаржылық сауаттылық» бөлімінен алуға болады.